

Мазмұны
 1. Бағыты
 2. Қолданылуы
 3. Мәжбүрлік міндеттері
 4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі
 5. Сілтемдері

БЕКІТЕМІН
 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
 аграрлық-техникалық университеті
 басқарма төрағасы-ректоры
 А.М. Наметов
 « 18 » 08 2021 ж



СТУДЕНТТЕР КОНТИНГЕНТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ ДИРЕКТОРЫ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

СЖМ.07.ЛН.47

№ 01 басылым
 № ____ дана

№	Енгізілген мерзімі	Өзгерістер	
		Беттер көлемі	Дайындаушы
		Тек. қылақөсіліні	Қолы
Дайындалды: 12.08.21	Рахимғалиев Б.К.	Келісілді: 16.08.21 м	Енгізілді: 20.08.21 м
		Губашев Н.М.	орнына СЖМ.07.ЛН.47 23.02.2018 м Қайта қаралуы: 20.08.2024 м
		Алмагамбетова М.Ж.	
		Таскалиев Е.К.	
		Ихсанов Е.Б.	

Мазмұны

- 1.Бағыты
- 2.Қолданусаласы
- 3.Лауазымдық міндеттері
- 4.Жауапкершілігі мен өкілеттігі
- 5.Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты,әкесінің	Қолы

1.Бағыты

Бұл нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексі және «Білім туралы» заңдарына сәйкес дайындалды.

2.Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық «Студенттер контингентін қалыптастыру» орталығы (бұдан әрі – СКҚО) директоры орынбасарына арналған.

3.Лауазымдық міндеттері

3.1 СКҚО директорының орынбасары міндетті:

3.1.1. СКҚО –ң қызметін қамтамасыз етуге;

3.1.2. Контингентті қалыптастыру үрдісі бойынша барлық жоспарлы шараларды сапалы орындауға;

3.1.3. Батыс аймағы бойынша университет өкілдерінің жұмысын қамтамасыз етуге;

3.1.4.Білім алушылардың контингентін қалыптастыруды ықпал ету жөніндегі шараларды ұйымдастырудың реттелінуін, жұмыс істеуін және жетілуін қамтамасыз етуге;

3.1.5.Контингентті қалыптастыру үрдісі мәселелері бойынша университеттің ішкі нормативтік құжаттарын дайындаумен жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

3.1.6.Бағдарламалық жабдықтау және жаңа ақпараттық технологияларды қолдау мен СКҚО жұмысын ұйымдастыруға;

3.1.7. СКҚО кадрларды іріктеу, оқыту және орналастырумен қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға;

3.1.8. СКҚО атқарылған жұмыс туралы жыл сайынғы жұмыс жоспарын және есеп дайындауға;

3.1.9. Қызметтік ақпаратты жарияламауға;

3.1.10. Бекітіліген іс номенклатурасына сәйкес СКҚО іс жүргізудің сапасын қамтамасыз етуге;

3.1.11.СМЖ аудит қорытындылары бойынша ескерту және түзету әрекеттерін дер кезінде орындауды қамтамасыз етуге;

3.1.12. СМЖ талаптарын орындауды өзінің өкілеттігі шегінде қолдауға.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. СКҚО директорының орынбасары басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады;

3.2.2. СКҚО директорының орынбасары СКҚО директорына бағынады.

3.3 СКҚО директорының орынбасары:

3.3.1.ҚР-ның жоғарғы оқу орындарының қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін;

3.3.2.Елдің жоғары білімінің даму болашағын, университеттің орта мерзімге перспективасын дамытудың басым бағыттары мен оларды жүзеге асырудағы негізгі шараларын;

3.3.3.Ішкі және сыртқы білім сапасы қызметі мониторингінің ережелеріне қойылатын негізгі талаптарын;

3.3.4. Университеттің Жарғысын, ішкі тәртіп Ережесін және орындалатын жұмыс мәселелері жөніндегі университет ішіндегі нормативтік құжаттарын;

3.3.5.Өзінің өкілеттігі шегінде СМЖ құжаттарын және сапа саласындағы саясатты;

3.3.6. Өзінің лауазымдық нұсқаулығын;

3.3.7. Еңбек заңдарының негіздерін;

3.3.8. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі қажет.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1. Жоғары білімі, 3 жылдан кем емес педагогикалық еңбек өтілінің болуы;

3.4.2. СКҚО директорының орынбасары құзыреттілігіне кіретін сұрақтардың (мәселелердің) барлығынан хабардар болуы, ұйымдастырушылық, жауапкершілік, шапшаңдық (тез орындаушылық), төзімділік, адамдармен жұмыс істей білу қабілеттерінің болуы.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1 СКҚО директорының орынбасары:

4.1.1. Өзінің лауазымдық нұсқаулығында көзделген лауазымдық міндеттерін (тиісінше орындамаған) орындамаған жағдайда ҚР-ның еңбек кодексінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодексінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін ҚР-ның еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде жауапты.

4.2. СКҚО директорының орынбасары:

4.2.1. Университетіміздің құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым – қатынасында СКҚО мүддесін ұсынуға;

4.2.2. СКҚО қызметіне байланысты университет әкімшілігінің шешімдер жобаларын дайындау процесіне қатысуға;

4.2.3. Өз өкілеттілігі шегінде құжаттарға қол және бұрыштаманы қоюға;

4.2.4. СКҚО-ң өз қызметіне қатысты құрылымдық бөлімшелердің тапсырыс жасаған сауалнама (сауалнамалар, есептер) құжаттарын бекітуге;

4.2.5. Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен бастау алған сауалнама құжаттарын (сауалнамалар, есептер) келісуге;

4.2.6. Университет ректорымен жүктелген басқада өкілеттерді жүзеге асыруға өкілетті.

4.3. СКҚО директорының орынбасары:

4.3.1. Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және өз лауазымдық міндеттері мен құқықтарын орындауда қолғабыс көрсетуге университет басшылығына талап қоюға;

4.3.2. Кәсіби біліктілік деңгейін жоғарылатуға;

4.3.3. Менеджмент жүйелерін жақсарту жөніндегі ұсыныстарын енгізуге;

4.3.4. Кәсіби жағынан өзінің абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4.3.5. Ұжымдағы тұлғалардың әрекетіне қайшы келетін бұйрық, әкімшілік нұсқауларына заңнамалық тәртіп бойынша шағымдануға;

4.3.6. Ұйымдық қызметтегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге;

4.3.7. Өзінің өкілеттілігі шегінде университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен ара-қатынас ұстауға және де өзінің лауазымдық міндетін атқару үшін қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұратуға құқылы;

4.3.8. 30 күн мерзімінде кезекті еңбек демалысын алуға құқылы.

5. Сілтемелер

ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. №319-III

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, 18.11.2015 ж, № 410-V;

ҚР Еңбек кодексі, 23.11.2015 ж, № 414-V;

ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің жалпыға міндетті стандарты», «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары»;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы

Университеттің ішкі тәртіп ережелері. СМЖ.08.ҚЕ.06.